

## **7-тақырып. Абайдағы дін, дүниетаным жайы.**

Абай өлеңдері мен қарасөздерінде қозғалып отыратын алланы сүю, тіршілік, жаратылыс заңдылықтарын ұғындыруға ұмтылу мәселелері.

Абайдағы исламның ғылыми негіздерін ұғындыру. Абайтанудағы Абайдың сопылық ағымды ұсынуы жайлы тұжырымдарға тереңнен, әріден келу мәселесі. Абайдың дінтаным, дүниетаным арқау еткен әргелі ғылыми еңбектер. Адамзат тарихындағы ірі ойшылдар. Оларды түбегейлі зерттеу мәселесі. Абайтану тарихындағы дәл осы мәселеде орын алған олқылықтар жайы.

Абай өлеңдері мен қарасөздерінің арасындағы үндестік.

Абайдан қара сөздерге келу жайы. Өлеңдегі қисындарды тарата, тереңнен қозғау. Ағартушы Абайдың өнеге, үгіт, насихат, ақыл сөзі, ғылым сөзі қара сөздер Абайдың дүние-жаратылыс қисындарын толғаған көп өлеңнің көп жұмбағын шешуге шақыратын сөз асылы.

Оқу, еңбек, кәсіп жайын, ел мінезін, байлық пен кедейлікті, адамгершілік, иман жайын, дүние сырларын қозғаған өлеңдер мен қара сөздердің халықтың рухани танымына, күнкөріс тіршілігіне ықпал, әсері.

Абайдағы дін жайы ұшан-теңіз әлем. Абай алланы сүюін, Алланы тану жолындағы адам баласының түйсік аласапыранын өлеңде де, қара сөзде де үздіксіз қозғады. Оның дүниетаным шеңбері жайлы кесім айту – алынбайтын алыс асу. Дегенмен де Абайдың өлең сөзі мен қара сөзін толтырған дүние, жаратылыс жайлы толғаныстарын толғайтып отырған, толықтырып отырған қайнар көздерді көре білу, олардан Абайдың сіңіргені мен адамзат даналығына өз қосқанын ажырата тануға ұмтылыс заңды.

Бұл жөнінде абайтанудағы қилы кезеңдегі тұжырым-түйіндердің қайшылығын ғылымның ендігі жетістігімен ой желісін құнарландыра отырып, тігісін жатқыза және бір қарастыру да көкейтесті.